



Қызылорда: **коронавирус жұқтырған ешкім жоқ**

2



Қолжетімді «iPhone»

3



Өнер иелері туған жерде

4



Абай тұтынған жиһаз

4



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

30 қаңтар, БЕЙСЕНБІ 2020 ЖЫЛ



№14 (19890)

БОЛЖАМ

2020 жыл: мұнай және теңге бағамы қандай болуы мүмкін?

ОПЕК (мұнай өндіруші елдер ұйымы) және оған енбейтін елдер 2020 жылға мұнай бағасының қандай болатынына болжам жасады. Бұл орайда, пікірдің бір-бірінен біршама алшақтайтынын атап өткеніміз абзал. 2016 жылдың соңында жоғарыда аталған ұйымдар Венада бас қосып, мұнай өндірісін тәулігіне 1,8 баррельге азайтуға уағдаласқан болатын. Осы уақыттан бері мұнай нарығы тұрақталды. Қазір нарықта ұсыныс сұраныстан көп емес. Шикізат бағасын бағамдап отырған сарапшылардың пікірінше, оның құны әрі кетсе 60 долларға дейін төмендеуі ықтимал. Бұл орайда, Ресейдің энергетика министрі Александр Новактың пікірі де осыған сәйкес келеді.



Жалпы, соңғы келісімнің күші 2020 жылдың I сәуіріне дейін жетеді. Егер оған дейін мүше мемлекеттер ортақ сөзге тоқтай алса, бағаны әлі де болса ұстап тұруға болады. Жыл көлемінде бағаны дәл болжау мүмкін емес. Бірақ оның кейбір жағдайда Таяу Шығыстағы саяси ахуалдың қандай болатынына байланысты екенін мойындауымыз керек. Саяси жағдай ушықса, мұнай бағасының көтерілуі әбден мүмкін. Бірақ сарапшылардың пікірінше, он жыл көлемінде 60-65 доллардан төмендемейтін көрінеді.

Ал, өткен жылдың соңына қарай теңге бағамының долларға шаққандағы құны төмендейді деген болжам расталмады. Керісінше, соңғы уақытта доллар бағамы біршама төмендеді. Оның каншалықты, ненің есебінен болып жатқанын ешкім нақты айта алмайды. Себебі, біздің нарықта түсінбейтін құбылыстардың жиі болатыны соншалық, дәл бағамды болжау күрделі сипат алып барады. Соған қарағанда теңге нарығына қосымша тосын жағдайлар әсер етуі мүмкін деген ой да тұндайды.

Жуырда Ресей президенті мемлекетте долларсыздандыру саясаты жылдам жүргізіліп жатқанын баяндады. Көптеген дамушы мемлекеттердің өздері де осы саясатты берік ұстанып отыр. Мұның өзі таяу болашақта әлемде доллар үстемдігінен арылу бағыты жылдам жүреді деген ұғымды білдіреді.



2015-2018 жылдары теңгенің долларға шаққанда күрт құлдырауы күллі қазақстандықтардың тұрмыс дәрежесіне едәуір кері ықпал жасағаны белгілі. Бұл орайда, теңгенің бүгінгі бағамы Ұлттық банктің еркін айырбас саясатына дөп келетін сынайы. Осыған сәйкес, алдағы уақытта доллар-теңге бағамында айтарлықтай айырмашылық болмауы мүмкін.

Ж.ӘЛМАХАН.

ПРЕЗИДЕНТ

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктерінде Абу-Дабидің тақ мұрагері, шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянмен келіссөз жүргізді. Тараптар екіжақты қарым-қатынастарды жандандыруға, экономикалық серіктестікті кеңейтуге баса назар аударды.

Қазақстан Президенті БАӘ сапарында бірқатар маңызды кездесулер өткізді.

Мәселен Мемлекет басшысы «Aldar Properties» компаниясы Директорлар кеңесінің төрағасы Мұхаммед Әл Мұбаракпен кездесуде аталған компанияның іске асырып жатқан «Abu Dhabi Plaza» жобасының қазіргі жағдайы, Нұр-Сұлтан қаласындағы көпфункционалды кешеннің құрылысын белгіленген уақытта аяқтау үшін атқарылып жатқан қосымша жұмыстар туралы баяндады. Қазақстан Президенті еліміздегі ең ірі құрылыс нысандарының бірі саналатын жобаның уақытылы аяқталып, халық игілігіне берілетініне сенім білдірді.

Мемлекет басшысының «Abu Dhabi Global Market» (ADGM) еркін экономикалық аймағы Директорлар кеңесінің төрағасы, Мемлекеттік министр Ахмед Әли Әл Сайхпен кездесуі барысында тараптар



Абу-Дабидің еркін экономикалық аймағының «Астана» халықаралық қаржы орталығымен бірлескен жобаларының жүзеге асырылуы жайында әңгімелесті.

Біріккен Араб Әмірліктерінің іскер топтары

қатысуымен өткен дөңгелек үстелде Қазақстанның экономикалық және инвестициялық әлеуеті туралы айтылды.

Сапар барысында Қазақстан Президенті «Уахат әл-Карамат» мемориалды кешеніне, Абу-Дабидің

қаласының ең көрікті жерлерінің бірі – шейх Заид мешітіне барды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Абу-Дабидің Әмірлігін билеуші әулеттің өкілі, Біріккен Араб Әмірліктеріндегі ірі бизнес өкілі, «Etihad Towers» көпфункционалды кешенінің иесі,

«First Abu Dhabi Bank» акционері шейх Сурур бен Мұхаммед Әл Нахаянмен кездесті. Шейх Сурур бен Мұхаммед Әл Нахаян Қасым-Жомарт Тоқаевқа өзінің «West Hydrocarbons Commercial Investment LLC» компаниясының Бағыс Қазақстан облысында мұнай өңдеу зауытын салып жатқанын айтып, алдағы уақытта біздің елімізбен бірлесіп жұмыс істеуге, жаңа жобаларға инвестиция салуға ниет білдірді.

Қазақстан Президенті Біріккен Араб Әмірліктерінің Вице-президенті, Премьер-Министрі, Дубай билеушісі шейх Мұхаммед бен Рашид Әл Мактуммен де кездесті.

Мемлекет басшысы Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми сапарының екінші күнінде Дубайдың Халықаралық қаржы орталығын (DIFC) аралап көрді.

Дубай инвестициялық корпорациясының атқарушы директоры Мұхаммед аш-Шайбанимен кездесуде қаржы саласындағы өзара ынтымақтастыққа және «Астана» халықаралық қаржы орталығының одан әрі даму перспективасына қатысты мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысына Дубайда өтетін «EXPO-2020» көрмесіне дайындық барысы жөнінде салынатын Қазақстан павильоны таныстырылды. Жаһандық іс-шара 2020 жылдың 20 қазаны мен 2021 жылдың 10 сәуірі аралығында «Ақыл-ойды ұштастыру – болашақты қалыптастыру» деген тақырыппен өтеді.

САПАР

Ауыл ажары – азамат абыройы



Бұған дейін облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш және Сырдария аудандарының елді мекендерінде болып, елдің тыныс-тіршілігін бағамдап, алда тұрған міндеттерді пысықтады. Осы аптада облыс басшысының жұмыс сапары оңтүстік аудандарда жалғасты. Алдымен Шилелі аудан әкімі Әшім Оразбекұлының халық алдындағы есепті кездесуіне қатысты.

Ержан ҚОЖАСОВ.

ЕСЕПТЕ ЕЛДІК МӘСЕЛЕЛЕР АЙТЫЛДЫ

Қысқаша айтсақ, Тоқсан мың тұрғыны бар ауданда өткен жылы өндірілген өнеркәсіп өнімі 31,4 млрд теңге болса, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі 25,8 млрд теңгеге жеткен. Былтыр тіркелген шағын және орта кәсіпкерліктің саны 4895 субъекті болса, тиісті кезеңмен салыстырғанда 108,4 процент. Бүгінде ауданда мемлекеттік кірістер басқармасы арқылы 687 жеке кәсіпкер, 36 шаруа қожалығы, 33 заңды тұлға тіркеліпті. Сондай-ақ, аудан кәсіпкерлерінен бюджетке 8,2 млрд теңгенің түсімі түссе, оның ішінде 2,5 млрд теңгесі шағын және орта кәсіпкерліктен.

Былтыр құрылыс саласы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге республикалық, облыстық және аудандық бюджеттерден барлығы 1,7 млрд теңге қаржы қаралған. Атап айтқанда, «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2018-2019 жылдары 1,2 млрд теңге қаржыға Шилелі кентіндегі «Шұғыла» мөлтек ауданы және Бидайкөл елді мекеніндегі жаңадан тұрғын үй салынатын 14, 15 және 30 кварталдар-

да инфрақұрылым жүйелері толығымен аяқталыпты. Аталған мөлтек аудандардың жалпы ұзындығы 34 шақырым ішкі тас жолдарының құрылысына облыстық бюджеттен 291,8 млн теңге қаржы қаралып, 55 көшеге тас төселуде. Бұл жұмыстар биыл толық аяқталатын болады.

– Индустрияландыру бағдарламасының екінші бесжылдығы аясында өңірлік қартаға енгізілген жобалық құны 149,2 млрд теңгені құрайтын 5 жоба жүзеге асырылуда. Былтыр осы жобалар арқылы 7,4 млрд теңгенің өнімі өндірілді. 294 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Сонымен қатар алдағы жылы көптен бері халықтың назарындағы кенттегі темір жол үстінен өтетін, құны 645 млн теңге болатын көпір құрылысына облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізілуде. Қалған қаржы республикалық бюджеттен бөлінеді, – деді аудан әкімі өз есебінде.

Ауданда «жасыл» экономикаға бағытталған сағатына 50 мВт-ға дейін күн энергиясынан қуат алатын, құны 26 млрд теңгені құрайтын «Байқоңыр Солар» электр станциясы өткен жылдың соңында іске қосылған еді. Бұл көрші аудандар мен Қызылорда қаласын электр қуатымен қамтамасыз етуге арналған.

2-бет.

Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов жұмыс сапарымен Жаңақорған ауданында болды. Ауданға сапары барысында жергілікті тұрғындармен жүздесіп, елдің көкейінде жүрген маңызды мәселелерге назар аударды.

Әділжан ҰМБЕТ.

Ынтымақты елдің мерейі үстем



Халықпен жүздесу Қожамберді ауылынан басталды. Тұрғындар елді мекендегі аяқсу мәселесіне байланысты өтінішін жеткізді. Бұл түйткілдің салдарынан көпшілік есік алдында көкөніс-бақша дақылдарын еге алмайды. Ауылда өзге проблемалар шешімін тауып үлгерген. Жаңадан мектеп бой көтеріп, жол жағдайы да жақсара түскен.

Облыс әкімі аяқсу мәселесіне орай тиісті сала басшыларына оны шешу жолдарын қарастыру қажеттігі жөнінде нақты тапсырмалар берді. Бұл мәселе көп ұзамай шешімін табатын болды.

Аймақ басшысы келесі кезекте Төменарық

ауылдық округіне келді. Жұртшылық атынан сөз алған аудандық мәслихат депутаты Нарымбет Қолжанов, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Темірбек Құтжанов елімізде жасалып жатқан іргелі істер жөнінде ой-пікірін білдіріп, ризашылығын жеткізді. Осындай оңды бастамалар игілігін Төменарық ауылы тұрғындары да көріп отыр. Десе де, аурухана мәселесі бар. Бұрынғы емдеу орнының тозығы жеткен. Бұл орайда аудан әкімі Сұлтан Мақашов жаңадан салынатын емдеу орнының жобалық-сметалық құжаттары дайын тұрғанын, осы бағытта нақты жұмыстар атқарылып жатқанын атап өтті.

2-бет.

7 көрсеткіш: жетістік және жауапкершілік

Экономикалық дамудың 7 көрсеткіші бойынша Қызылорда үздік 8 облыстың қатарында. Осыдан алты күн бұрын Нұр-Сұлтан қаласында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен Үкіметтің кезекті кеңейтілген отырысында ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин өз баяндамасында осылай деп мәлімдеген болатын. Сөз жоқ, бұл – Қызылорда облысында әлеуметтік-экономикалық даму бағытында атқарылған жұмыстарға берілген оң баға. Кешеге дейін өнеркәсіп өндірісінің 70 проценті мұнайға байланысты болып келген және оның көрсеткіші жыл санап кеміп бара жатқан Сыр өңірі үшін жағымды жаңалық десек, артық айтпағанымыз.



КЕЛЕСІ САҢДА

Ынтымақты елдің мерейі үстем

Тұрғындар өтінішін тыңдаған облыс әкімі аталған түйткілдік шешімі жақын уақытта табылатынына назар аударды.

— Біз Арал ауданынан бастап барлық елді мекендерді аралап, тұрғындармен жүздесіп келеміз. Бүгін сол сапар Жаңақорған ауданында жалғасты. Елмен жүздесу барысында ҚР Президенті тапсырмаларының орындалуына, халықтың әлеуметтік жағдайына баса назар аударылды. Қазір қала мен ауыл арасында айтарлықтай айырмашылық байқала бермейді. Бұл — елімізде жасалып жатқан шаралардың нақты көрінісі. Осындай игілікті істер алдағы уақытта да жалғасын таба беруді, — деді облыс әкімі.

Аймақ басшысының сапары бұдан кейін дарияның сол жағалауындағы Жаңаарық, Өзгент елді мекендерінде жалғасты. Жаңаарықта дренажды жүйелер мәселесі көтерілді. Ауыл тұрғындарын ыза су мәселесі қинап жүр. Сондай-ақ, Жаңаарықта клубты күрделі

1-бет.

жөндеу қажет. Аймақ басшысы дренажды жүйені қалыпта келтіруді тиісті сала мамандарына тапсырса, ауылдық клубты жөндеу мәселесін шешуді аудан әкімдігіне міндеттеді. Ал Өзгент тұрғындары келесі шекте газ тарту мәселесіне назар аударылса деген ұсынысын жеткізді. Сондай-ақ, ауыл орталығынан белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Сейілбек Шаухаманов атындағы аллея ашуға қолдау көрсетісе деген ой бар. Бұл орайда облыс әкімі аймақта бүгінгі таңда төрт аудан орталығы толықтай «көгілдір отынмен» қамтамасыз етілгенін, келесі кезекте қалған үш ауданда тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанына тоқталды.

— Көшілес Шиелиде аудан орталығына және бірқатар ауылдарға газ тартылды. Оған әрбір ауылдан кәсіпкерлер қаржылай қолдау көрсетіп, жобалық-сметалық құжаттарын дайындауға атсалысты. Нәтижесінде қазір ол ауданда «көгілдір отын» игілігіне қол жеткізген тұрғындар қатары көбейді. Ел арасынан осындай азаматтар шығып жатса, бұл

ауылдарда газ мәселесін шешу жолдарын жеңілдету тәсілі, — деді аймақ басшысы.

Көшілес Келінтөбе мен Қаратөбе ауылдары тұрғындарының ұсынысы бір-біріне ұқсас. Екі ауыл да негізнен егін шаруашылығымен айналысады. Су мәселесінде каналдарды реттеу қажет. Сондай-ақ, ауылдар арасындағы жол жағдайы да қинап тұр. Өсіресе, Қаратөбе ауылынан бастап Бесарық елді мекеніне дейінгі аралықта жол жүру көлік нелеріне қиын. Бұл орайда облыстық жолшылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ержан Әбдіхалықов мәлімдеді. Биыл осы мақсатта 500 млн теңгеден астам қаржы бөлінбек. Жол жөндеу мәселесінде жалғасын табады. Ал Қаратөбе ауылының тұрғындары егістікке дариандан су алатын каналға тоспа орнату жөнінде өтініш айтты. Облыс әкімі су шаруашылығы мамандарына тиісті мәселені зерделеп, нақты шешімін табу жолдарын қарастыруды жүктеді.

Ауданның шеткі ауылының бірі — Қандөзде былтыр қыркүйек айында құрылысы

басталған мемлекеттік-жекеменшік негіздегі спорт кешені көктемде ел игілігіне айналатын болады. Ал оған іргелес жатқан Көктөбе елді мекеніндегі №89 мектептің бір бөлігі жарылып тұр. Оған кезінде құрылыс талаптарының сақталмауы әсер еткен. Облыс әкімі жақын уақытта мектептің апаттық жағдайдағы бөлігін қалпына келтіру мәселесін шешуді тапсырды.

Ал ауданның Бесарық, Манап, Қосүйенкі, Қыраш ауылдарының тұрғындары жол, аяқ су мәселелерін көтерді. Бұл бағытта алдағы уақытта нақты жұмыстар жасалатын болды.

Ақуік ауылдық округінде мемлекеттік-жекеменшік негізде спорт кешені бой көтерген. Ол жақын күндерде пайдалануға беріледі. Оны ауыл кәсіпкері Бақытжан Берділаев өз қаржысына салған. Жергілікті тұрғындар бұған дейін бірнеше мәрте көтерілген 90 орындық балабақша салу жөніндегі ұсынысты қайта жеткізді.

Ал Шалқия кентінде электр жарығына, Жайылма ауылында аяқ су жағдайына назар аударылды. Су жүретін

арнаның тозуына орай проблема туындаған. Су торабынан ауылға дейінгі арақашықтық 23 шақырымға жуық. Облыстық табиғи ресурстар мен табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бауыржан Шәменов су жолын жөндеуге байланысты жобалық-сметалық негіздеме жасалғанын, алдағы уақытта ол өз шешімін табатынын мәлімдеді.

Осылайша облыс әкімі Жаңақорған ауданында 16 ауылға барып, халықпен емен-жарық дидарласты. Ең бастысы, елдегі мәселе елекке түсіп, көптеген түйткілді жайларды шешу жолы нақтыланды.

Қайбір жылдардағы божыраған тірлік бүгінгі ауылға тән емес. Ел еңбектің уақытқа сай талабына төселіп алған. Халық бірауыздан келелі мәселелерді көтерсе, оны шешу жолдары да сұранысқа сай табылып тұр. Біз облыс әкімінің сапарынан осындай оймен оралдық.

Қызылорда-Жаңақорған-Қызылорда.

«Құрметті ректор» атағы берілді



Ғылыми кеңестің шешімімен Қорқыт ата атындағы ҚМУ ректоры филология ғылымдарының кандидаты Бейбітқұл Қарімова облыстық мәслихат хатшысы, техника ғылымдарының докторы, профессор Қылышбай Бисенов университетті ұзақ жылдар басқарып, жемісті еңбек еткені үшін «Құрметті ректор» атағын табысты.

Қылышбай Алдабергелі ауылдық округіндегі депутаттық бөліміне қатынаса, Б.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институтының Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры қызметтерін абыроймен атқарды. Сонымен қатар, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болған тұста да елдегі көптеген мәселелерді шешілуіне атсалысты. Бүгінде облыстық мәслихат хатшысы. К.Бисенов университетті басқарған жылдары білім орданының халықаралық деңгейдегі қарым-қатынастары күшейіп, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау ісінде нәтижелі

жұмыстар атқарылды. Ғылым мен білімге ұмтылған жастардың қолдау арқылы Сыр елі ғалымдарының жаңа буыны қалыптасты. Университеттің материалдық-техникалық базасы нығайтып, жастарға арналған жаңа әлеуметтік нысандар бой көтерді. Білім берудің нәтижесін анықтайтын әлемдік және республикалық рейтингтерде университет жоғары орындардан көрінді. Құрметті ректор барлық профессорлар мен оқытушылар құрамына ұзақ жылдар бірлесіп атқарған нәтижелі жұмыстарға алғыс білдіріп, алдағы бастамаларға табыс тіледі.

«СБ» ақпарат.

ХАЛЫҚ – ҚАЗЫ, ЕҢБЕК – ТАРАЗЫ

Жаңақорғанда кәсіпкерлік қарқын алды

Жаңақорған ауданының әкімі Сұлтан Мақашовтың халық алдындағы есепті кездесуі өтті. Оған «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ақмарал Әлізарова, басқарма басшылары, аудан тұрғындары қатысты.

Айдана ЖУМАДИНОВА.



Уран, полиметалл кендерінің молдығымен ерекшеленіп, өнеркәсіп саласын қалыптастырған аудан қазір кәсіпкерлікті дамытуға күш салуда. Бүгінде кен өндіру саласында 10 мекеме жұмыс жасаса, оның екеуі шетелдіктердің қатысуымен уран өндіреді. Ал бизнес бастайтын деген жұртшылыққа жаппай кәсіпкерлікті дамытудың үш жылдығы аясында жасалған жұмыстар үлкен қолдау болды.

— Өткен жылдың I қантарында 3952 кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, I желтоқсанында 4677-ге жетті. Оның 4500-і белсенді кәсіпкерлік нысанын құрайды. Жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің үлесі — 96,2 процент. Мұнда жұмыспен қамтылған адамдар саны — 6912 адамға жетіп, 28865 млн теңгенің өнімі өндіріліп, түрлі қызмет көрсетті. Тұрғындар арасында жеке бизнес тінімділігін түсініп, кәсіпкерлікпен айналысуға ниеттілер саны артып келеді. Оны мемлекеттік бағдарламаларға қатысушылар санының артуынан көруге болады. «Бизнес-Кеңесші» жобасы бойынша биыл 90 адамды оқыту жоспарлана, бүгінде 210 адам оқып, сертификат алды, — деді С.Мақашов.

Аудан бойынша Индустриялық-инновациялық дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы аясында республикалық Индустрияландыру картасына 1, өңірлік индустрияландыру картасына 1 жоба енгізілген. Айталық, «Шалқия Ж.Бекшиннің атынан жариялауға рұқсат берді. Сондықтан жаңа ақпаратқа сенуге болмайды, — деді Ж.Әбдусаметов.

Қызылорда-Шиели-Қызылорда.

АУЫЛДАРДЫ АРАЛАҒАНДА...

Облыс әкімі тұрғындармен кездесуін Гигант ауылдық округінен бастады. №148 орта мектепте болған кездесуде тұрғындар ел-елді аралап, халықтың тыныс-тіршілігімен танысып жүрген аймақ басшысына ризашылығын жеткізді. Сондай-ақ, мектеп мұғалімі Салтанат Ақбабаева білім орданындағы соңғы жаңалықтармен және ұлы ақын Абайдың 175 жылдығына ұйымдастырылған көрмемен таныстырды. Бұл орайда аймақ басшысы биылғы осындай республикалық маңызды шаралардың қажеттігін, кейінгі ұрпақ бойына қалыптастыруды күшейту керектігін айтты.

Ал, ақмаалықтармен кездесуде тұрғындар «көгілдір отын» мәселесін көтерді. Осы ауылдың тұрғыны, жеке кәсіпкер Дәулет Жұмбеков облыс әкімдігінен қолдау болса, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында газ мәселесін шешетінін айтты. Тіпті, кәсіпкер құрылыс жобасын өз қаржысына жасатып қойғанын да жеткізді. Аймақ басшысы жауапты сала мамандармен бірлессе, ауылға газ кіргізуді тапсырды.

Ш.Қоламанов ауылының тұрғындары да оң сапар тілей отырып, бүгінгі ауыл өмірінің түзелгеніне өз алғыстарын жеткізді. Мұндағы кездесу былтыр ғана ашылған спорт кешенінде ұйымдастырылды.

— Аралдың қиян шеттегі ауылдарына барып, ондағы елдің жағдайын көзбен көріп жүргеніңізді білеміз. Газет пен теледидардан сіздің шеткі аймақтардың тұрмысымен танысып, мәселелерді шешудегі қадамыңыздан да құлағдармыз. Өзімізге келсек, елде бәрі бар. Емхана, спорт кешені, мешіт, мәдениет үйі толық жанартылды. Өзіңіз тұрған осы

көрсеткішіне кері әсерін тигізуде. Біз адам өліміне, ана мен бала тағдырына бейжай қарай алмаймыз. Сондай-ақ, біздің алдымызда тұрған міндет — балаларға қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру. Бүгінгі күні облыстағы жүзден аса мектептің әжеқханасы ғимарат сыртында орналасқан. Тараз қаласындағы оқиға бөріңізге белгілі. Бұл — кезек күттірмей шешуді қажет ететін мәселе. Осыған орай аудандағы мектеп сыртында орналасқан барлық әжеқхана биылғы жылдың I тамызына дейін ғимарат ішіне көшірілуі қажет. Сондай-ақ, балабақшалар мен мектептерді I тамызға дейін бейнебақылаумен қамтамасыз етіңіз, — деді облыс әкімі аудан басшысына.

Айта кетсек, биыл нысандарды бейнебақылаумен қамтамасыз етуге облыстық бюджеттен 250 млн теңге қаржы қаралған.

Мұнан өзге, аймақ басшысы аудандағы тұрғын үй салуға инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тарту бойынша тұрғын жер учаскелері толық игерілмей, бүгінге дейін тиісті мекемелердің теңгеріміне өтпегенін де айтты. Мұнан соң кәсіпкерлікті дамытудағы жеңілдетушілік пен ауылшаруашылық саласындағы «Сыбаға» бағдарламасы бойынша мал әкелудің мекеленген жоспары толық орындалмай отырғанын сыңа алды.

— Қазіргі таңда айтылған міндеттерді түпкілікті шешудің бір ғана жолы бар, ол — жергілікті жерде жаппай кәсіпкерлікті дамыту. Аудан әкімдігі облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы, облыстық кәсіпкерлік палатасымен бірлесіп, халықты кәсіпкерлікке жаппай тартуды, оған қоса тұрақты бизнес-құрылымдар тарапынан бола-тын қолдаулармен қамтамасыз ету қажет, — дейді аймақ басшысы.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында былтыр 790 млн теңгеге 5 елді мекенде «көгілдір отын» пайдалануда. Былтыр аудан орталығындағы 8 білім беру мекемесінің ауыл қазандықтары газ отынына ауыстырылған. Алда жергілікті бюджеттен 25 млн теңге қаржы бөлініп, №45, 46, 252, 148, 149 мектептердің бу қазандықтарын газға ауыстыруға жобалық-сметалық құжаттары дайындалып, биыл білім мекемелері газбен жылытылмақ.

Сонымен қатар тұрғындардың жеке қаржылары есебінен облыста ең алғаш болып ауылдарға газ кіргізу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде Б.Жақаев, Гигант елді мекендері газбен қамтамасыз етілді. Енді осы ауылдардағы әлеуметтік нысандарды газ отынына қосу шаралары атқарылуда. Облыстық энергетика басқармасы басшысының орынбасары Е.Жоламановтың айтуынша, қазір облыс тұрғындарының 64 проценті газ тұтына, Шиелидегі газдандыру жұмыстары өзге аудандарға қарағанда қарқынды. Басты себеп — аудан орталығына ауылдық округтердің жакан орналасуы.

— 2015 жылы «ГазТранс» АҚ арқылы Шиели кентінде газ жүргізілді. Сол кезде салынған автоматты газ тарту станциясы арқылы жақын ауылдарға газ тарту жұмыстары атқарылуда. А.Алғабаев, Н.Бекежанов, Ш.Қоламанов, Байсын елді мекендерін газдандыру жобалары бойынша биыл үлкен жұмыстар атқарылды, — дейді басқарма басшысының орынбасары.

Аудан әкімінің есепті кездесуінде облыс әкімі К.Бисенов өңірдегі атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы баяндады. Шиели ауданына былтыр 55,2 млрд теңге инвестиция тартылып, соңғы 7 жыл ішінде аудан инвестициясы 191 млрд теңгеге жеткен.

1-бет.

Қызылорда: коронавирус жұқтырған ешкім жоқ

Абыржуға негіз жоқ. Алаңдамауға тағы болмайды. Облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов қатысқан жиында коронавирус бойынша аймақтағы эпидемиялық ахуалды мамандар осылай тұжырымдады.

Инфекцияға қарсы шараларды ұйымдастыру және аурудың алдын алу мақсатында құрылған штаб отырысында жағдайдың күрделенуіне байланысты қолға алынған жұмыс жайы сөз болды. Атап айтқанда, медициналық ұйымдардың қабылдау және емдеу бөлімдеріне келушілерге арнайы алгоритм, брошюралар таратылып жатыр. Стационарлар қажетті дәрі-дәрмек, дезертинді, құрал-жабдықпен қамтамасыз етілді. Одан бөлек, нақтастарды қабылдау үшін қосымша 190 төсек-орын қарастырылды.

Қытайдан тараған қауіпті вирустан қазір бүкіл әлем дүрлігіп отыр. Өйткені жұқпалы індет тез тарай кетті. Аспанды еліміз етене Қазақстан үшін де оның зардабы тиюі мүмкін екенін жоққа шығара алмаймыз.

— Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 22 қаңтар күні Женевада өткен жиында Қытайдағы ахуалды төтенше

жағдай деп есептейтінін жариялады. Алайда, аталған ұйым 26 қаңтарда вирустың адамнан адамға жұғу қауіптілігін халықаралық деңгейде «қалыптыдан» жоғарыға ауыстырды. Соған қарамастан, әлемнің бірде-бір мемлекеті Қытаймен арадағы шекараны жапқан жоқ. Бірақ ол жақтан елімізге күн сайын адамдар ағылып жатыр. Біз де өңірдің санитарлық-эпидемиологиялық, медициналық қызметінің дайындығын қамтамасыз етіп, Қытайдан келушілерді бақылауға алуымыз керек, — деді облыс әкімінің орынбасары.

Мамандар айтарлықтай қажеттілік болмаса, Қытайға жолсапарды жағдай реттелгенге дейін шегеру тұрға кенес береді. Сонда жүргенде немесе қоныс мемлекеттен келгенде аурудың қандай да бір белгісі байқалса, дәрігерге инфекция аумағында болғанын ескертіп, көмегіне жүгінген жөн. Әлемде бұрын-соңды болмаған дертін симптомдарды тұмауға қатты ұқсайды. Науқас жөтелдеді, тұмаратады, кеуде қуысы ауырып, дене қызуы көтеріледі. Дәрігерлердің «суық тиген адам өз бетінше емделмей, бізге келуі керек» деуі содан.

Облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтер сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова елімізде, оның ішінде Қызылордада

ешкім коронавирус жұқтырмағанын, бірақ бұған неміскұрайлы қарауға болмайтынын айтты. Өйткені Қазақстан Қытаймен тығыз қарым-қатынаста.

— Онда барып келген отандастарымыздың жағдайы жіті бақылауда. Жергілікті мұнай компанияларында жұмыс істейтін 67 қытайлық есепке алынды. Олардың да денсаулығын дәрігерлер қадағалап отыр. Ешқайсысынан коронавирустың клиникалық белгілері анықталған жоқ, — деді Ә.Әбдіқайымова.

Бұл күндері аймақта ауа арқылы адамнан адамға жұғатын аурумен күрес шаралары қарқын алды.

— Біз қазір тұмау жөнінен эпидемиологиялық жағдайы бізге аурудың алдын алу ұйымдары профилактикалық жұмысты күшейтті. Медициналық мекемелер мен қызметкерлер қауіпті вирус жұққан кездегі әрекет ету және науқасты оқшаулау жолдарын үйреніп, арнайы семинарда біліктілік көтерді. Эпидемиологиялық ахуал тұрақты, абыржуға негіз жоқ, — деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусаметов.

«Қызылордалық азамат коронавирус инфекциясын жұқтырып, ауруханаға түсті»

деген ақпаратта негіз жоқ. Әлеуметтік желілерде тараған ақпаратқа орай кеше кешкілік облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусаметов, облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтер сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымованың қатысуымен брифинг өтті.

— Бүгінгі таңда облыста коронавирусына қатысты ешқандай мәселе туындап отырған жоқ. Құдікті ретінде тіркелген науқас тек Қытай елінде болғанына байланысты ғана бақылауға алынды. Осыған орай, тұрғындардан желідегі хабарламаларға емес, нақты ресми мәліметтерге ғана сену керектігін ескерттік. Коронавирусына байланысты ақпаратты бір көзден тарту бойынша Денсаулық сақтау министрлігі күнделікті еліміздің бас санитары Ж.Бекшиннің атынан жариялауға рұқсат берді. Сондықтан жаңа ақпаратқа сенуге болмайды, — деді Ж.Әбдусаметов.

Нәзерке САНИЯЗОВА, Айгүл БАТТАЛОВА, «Сыр бойы».

Құрмет белесіндегі қолтаңба

Арғы-бергі заманның атшабарына айналған ардақты ағалар көбіне кейінгілердің күйбең тірлігіне қызығыспен қарайды. Ұдайы мінберлерден бой көрсету елден алшақтаудың ерсі көрінісі екендігін ызғарлы жүзбен ықтырып ұғындырады. Жалпақтау мен жалтаңдауды қаламайтын олардан осалдар кәдімгідей сескенеі.



тары нық болса, нұр үстіне нұр емес пе?! Ердіхалықов сырт қарағанда тым ресмилеу, ер мінезді көрінеді. Шынтуайтында, ол үлкенге кішік, жасқа қорған, мұқтажға қамқор.

Оны айтсаңыз, халықтар достығы дейтін ынтымақ отын маздауға аса мүдделі. Анау тоқырау жылдары өзге ұлт өкілдері басқа жердегідей Аралдан да үлере көшті. Жасы ұлғайғандары, теңізді қимайтын үркердей топ қазакы көнбістікпен жылы орнынан қозғалмады. Қуанышбай алдымен соларды қолтығынан демелі: үйлерін аралады, жәрдемдесу жолын қарастырды. Сондағысы – бауырмал халқымыздың татулық туын желбірету табиғи дағдысы екенін мансұқ етпеу. Ассамблеяның Аралдағы қуаттаушысы бұл ізгі ниетін әлі де айқайлаптай жалғастыруда.

Қарттар күні «Дәулетэнерго» қыз-жігіттері Ұлы Отан соғысы ардагерлері және сала майталмандары, тілі басқа тілгеі бір ұлыс өкілдеріне лайықты құрмет көрсетеді. Электр төлемі жөнделетеді, дастарқан жады, сыйлық таратады. Осылайша алғыс пен батаға кенелді.

Қуанышбайдың жұмыс белесінде демеушілік дидарын аңғартатын кәде-сыйлар мен мұндағалды. Америкада, Оңтүстік Кореяда, Түркияда топ жарған балғын спортшылар мен өнерпаздардың ақжарма тілектері еріксіз елжіретеді. Республика көлемінде тосын табиғат апаттарына қаржылай үлес қосқаны да барекелді дегізеді. Осыдан он жыл бұрын тұрғын жетім елуге жуық оқушы арнайы қайырымдылық акциясын ұйымдастырғаны ұмытыла қойған жоқ. Аралдағы иманды істердің қанат жаюына үнемі белкөтерме жасайды. Батырлар мен билерді ұлықтауда көземелдігімен ерекшеленді. Мешітке, үйсізге көмек жасады. Кәсіпкер ретінде зекетіне де адал.

Жанай ЖУРНАЛІ. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Әке өнегесі сана сақшысы

іспеттес. Бакталастық, кеудемсоқтыққа жаңы қас. Халық назарындағы тұлғалармен дидарласудан имани ләззат табады. Аудандық мәслихаттың депутаты ретінде сайлаушы үніне сергек қарады. Ауыл аманатын тасада қалдырған емес. Нақты нәтижеге үйренген ол құрғақ үлде, сылтаулар деген пысықайлықтан әрекет аулақ. Ретіне орай жоғары басшылыққа ел назын күтпелемей жеткізеді.

Анау бір жылдары аудан басшылығының өтінуімен ұсынысты Ердіхалықовқа ауыз су төлемін реттеу де қоса тапсырылды. Аман не, тағы да қырсызға қамшы үйіргендей жетекебай бақылау орнатты. Божыраңқырап кеткен қызметті тура электр қуатын жырмылаушыларды ауыздықтағандай талқылау безбеніне салды.

Қуанышбай ағаның көшелі сөзге беймі де кез келгенді тыңдаушы кейіпте түсіреді. Жол үстіндегі әлкісса әңгімесі тіптен татымды. Шайырлардың шымыр шумдақтары, даналар ожай, ежелгі аңыздар мен тарихи романдарды толғауға ұласқанға қысқарған жолды байқамай да қаласын. Өзі де есті сөзге аса жылыласты. «Құтты шаңырақ», «Дүйсемен ағалының шежіресі» атты кітаптарды құрастырғанда кейінгілердің ата-баба, аталық пен әулет ұстанымдарын темір-қазыққа балауына үндеумен бағаланды.

Жанарған жыл Қуанышбай Ердіхалықовты «Арал ауданының құрметті азаматы» атандырды. Тәуелсіздік тәлімін марапаттан емес, болашаққа берешекпен байланыстыратын оның әлі де ел алдындағы қайтарымы парыз парасатына жүгіндіреді.

Өмір ағыны даладай дархан тұлғаларға аманат байрағын әрқашан қолдай көреді. Жоғары орындар тізгін тежемеуін қоштайтынды. Ұжымға сапса, алғар ағаның қамқорлығын қимайды. Ауылдастары құрмет төріндегі төбе бидей қадірлеуге асық. Алыс-жақындағы тілеулерестер қызметтік шапқылаудың ағайындық данғыла ұласқанын құптады.

Осы рухани, имани жүктемелердің кезек күтіп тұрғанын Қуанышбай неге сезінбесін?! Ондай атты күннің де онай соқпақ сыйлағанын біледі. Ел мемуірін Ердіхалық ақсақалдың өнеге қайтарымын мейір қандыру екені анық. Демек, Қуанышбайдың құрмет белесіндегі жаңа қолтаңбасы арманның ақ парғағындай, сағыншық самалындай десеек әсте әсіреленгендік емес.

Жанай ЖУРНАЛІ. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

2020 жылғы үлгідегі номиналдық құны 200 (екі жүз) теңгелік биколорлы айналыстағы монеталарды айналысқа шығару туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2020 жылғы «28» қаңтарда 2020 жылғы үлгідегі номиналдық құны 200 (екі жүз) теңгелік биколорлы айналыстағы монеталарды айналысқа шығарады.



Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 804 Жарлығымен бекітілген Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес орындалды.

Биколорлы айналыстағы монеталар дизайнының стилістикасында шығарыс және батыс мәдениеттерінің көркемдік элементтерінің үйлесімі көрініс береді. Биколорлы айналыстағы монеталардың сипаты: Монеталардың сыртқы сақинасы нейзильберден жасалған, ішкі дискі никельлі жезден дайындалған. Қыры тегіс және бедерлі секторлармен кезектесіп отыратын 16 ойықпен бедерленген. Монеталардың сырт жағында (реверсінде) орталық

бөлігінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы, айналыста эмитент елді білдіретін «QAZAQSTAN RESPYBLIKASY» деген жазба бейнеленген. Монетаның төменгі жағында соғылған жылын білдіретін «2020» деген жазу бар.

Монеталардың бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде номиналын білдіретін және номинал цифрларының кескінін қайталайтын көлденең сызықтар бедері асында орындалған «200» деген жазу бар. Монетаның жоғарғы және төменгі бөліктерінде – тік сызықтар түрінде орындалған ою-өрнек кескіні. Монетаның төменгі бөлігінде – тарамдалған сызықтар асында орындалған, ұлттық валютаның мәтіндік атауын білдіретін «TENGE» деген жазу. Монетаның сол жақ бөлігінде QAZAQSTAN ULITYQ BANKI эмитент банкті білдіретін «QUB» аббревиатурасы бар. Монетаның оң жақ бөлігінде – Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі (логотип).

Техникалық сипаттамалары: Металл құрамы: нейзильбер/ніобросс Массасы: 7,5 грамм Диаметр: сыртқы сақинасы – 26 мм, ішкі дискі – 18,3 мм

Қалыңдығы – 1,90 мм Қыры: 16 ойықтар. Номиналы 200 (екі жүз) теңгелік банкноттар заңды төлем құралы болып қалады және айналыста табығын тозу шамасына қарай алынады! Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2 704 591 (3930); +7 (727) 2 704 998; E-mail: press@nationalbank.kz www.nationalbank.kz

Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау КЕСТЕСІ

Басшының аты-жөні, лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты	Байланыс телефоны
Қордабай Нұрғали Рахымшаулы – Басқарма басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күндері	16.00-18.00	605374
Жақыпбаева Әлия Нәзірәліқызы – Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның сейсенбі күндері	11.00-13.00	605374
Түрманов Мәлік Жұмағалиұлы – Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның бейсенбі күндері	16.00-18.00	605374
Нұрасылова Алмағұл Рахманбердіқызы – Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның жұма күндері	11.00-13.00	605374

Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының «Сенім телефоны» 401191 (7320).

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналасуыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Іздеу салады. Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Әбілқасымов көшесі 13 А үй тұрғыны болған, 1968 жылдың 3 ақпанында туылған Сейдалиева Райкуль Ауганбаевнаы 1994 жылдың 2 сәуірінде бастап шабар-шарасыз кетугіне байланысты ұлы Оразов Серік Жетпісбайұлы іздеу салады. Қызылорда қалалық сотының 2020 жылдың 28 қаңтардағы ұйғарымымен хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 (үш) ай мерзім ішінде көрген-білген кісілер болса мына телефонға хабарласуын сұраймын: 8 777 896 86 86.

Микро және шағын бизнес саланияларын үш жыл мерзімге кірістен салық төлеуден босату бойынша

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы Заңына жана 57-4 бабы енгізілді. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде арнаулы салық режимдерін қолданатын және микрокәсіпкерлік немесе шағын кәсіпкерлік субъектілері болып танылатын тұлғалар, оның ішінде бірінші жер салғын төлеушілер, төленуге жататын: 1) Салық кодексінің 686, 687, 695, 700-баптарына сәйкес, есептелген корпоративтік (сікке) табыс салығының сомасын (төлем көзіннен ұстатынанын басқа); 2) Салық кодексінің 687-бабына сәйкес, есептелген әлеуметтік салық сомасын; 3) Салық кодексінің 704-бабына сәйкес, есептелген бірінші жер салығының сомасын (100 пайызға азайтады деп белгіленсін). Осы баптың мақсаттарында Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 24-бабының 2 және 3-тармақтарында белгіленген шарттарға сай келетін салық төлеушілер шағын кәсіпкерлік субъектілері (микрокәсіпкерлік субъектілері) деп танылады. Осы баптың бірінші бөлігінің ережелері: 1) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымымен байланысты қызметті; 2) акцизделетін өнімді өндіруді және (немесе) көтерме саудала өткізуді; 3) астық қабылдау пункттерінде астық сақтау жөніндегі қызметті; 4) логистер өткізуді; 5) ойын бизнесі саласындағы қызметті; 6) радиоактивті материалдар айналымымен байланысты қызметті; 7) банк қызметін (не банк операцияларының кезеген түрлерін) және сақтандыру жарыяндағы қызметті (сақтандыру агентінің қызметінен басқа); 8) аудиторлық қызметті; 9) бағалы қағаздар нарығындағы қасиеттік қызметті; 10) кредиттік биоролдардың қызметін; 11) күзет қызметін; 12) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары айналымымен байланысты қызметті; 13) жер қойнауын пайдалану саласындағы қызметті, оның ішінде кен іздеушілер қызметін; 14) пайдалы қазбалар өткізуді, трейдерлердің қызметін, көмір, мұнай өткізу жөніндегі қызметті; 15) мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін, бензинді, дизель отынын және мазутты бөлшек саудала өткізуді; 16) сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілерге қолданылмайды.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті.

Жалпыға бірдей декларация тапсыру кезеңдері

2019 жылдың 3 шілдесінде жалпыға бірдей декларациялауды енгізу туралы 2020 жылғы 1 қаңтардан 2021 жылғы 1 қаңтарға ауыстыруды және бұлдан әрі кезең-кезеңімен қошуды көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту және микрокәсіпкерлік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (№262-VI ҚРЗ) Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Бірінші кезеңде – 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпыға бірдей декларациялау шенберіндегі декларацияны жауапта мемлекеттік лауазымдағы адамдар мен олардың жұбайы (зайыбы); мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар мен олардың жұбайы (зайыбы); мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға тағайындалған адамдар мен олардың жұбайы (зайыбы); «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына және «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес декларация ұсынуы жөніндегі міндет жүктелген адамдар болып табылатын жеке тұлғалар тапсырады. Үшінші кезеңде – 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары және олардың жұбайы, дара кәсіпкерлер және олардың жұбайы тапсырады. Төртінші кезеңде – 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап азаматтардың қалған санаттары декларация тапсырады. Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті.

ALEM JAŃALYQTARY

Пластиктен бас тартты

Дубай бірреттік пластиктен бас тартты. Әлемде жыл сайын 300 миллион тоннадан астам пластик өндіріледі. Халықаралық Дубай әуежайы арқылы жыл сайын 90 миллион жолаушы өтеді. Сахаттаушылар нөпірі 5,5 мың тонна пластикалық зат тастаған кетеді.

Енді жағдай өзгермек. Жаңа жылдан бастап әуежай терминалдарында бірреттік пластик заттарды пайдалануға тыйым салынды. Сондай-ақ 700 қонақүй өздерінің стодлары мен барларын пластик бөтелкелерді ысырып, оларды шыныға алмастырып жатыр. Қонақүй нөміріннің кілт ретінде пайдаланылатын пластикалық карталар да келмеске кетеді, олардың орнын ағаш алмастырады.

Аукционда – Аль Капоньенің көлігі

Әлемдегі атақты қылмыскер Аль Капоньенің көлігі аукционда сатуаланады. Оған несиелі 1928 жылғы «Cadillac V8 341-A Town Sedan» көлігін Америкадағы компаниялардың бірін сатылымға шығарады.

Бұл – әлемдегі алғаш броданған көліктердің бірі. Түсі жергілікті полиция қолдарына ұқсас. Салондында дабыл, жыпылдауық және радиостанция болған. Осылайша, гангстерлер өздерін полиция ретінде көрсеткен. «Cadillac»-ты Аль Капонелен 1931 жылы тәркілеп алған. Қазір бірегей көлік \$1 млн-ға сатылмақ.

Автобустың орнына автокапсула

Көп ұзамай көзге үйреншікті автобустардың орнын жүргізушісіз басқарылатын автокапсулалар басуы мүмкін. Қазір көліктің осы бір түрі Ұлыбританияның Бристоль қаласында сынақтан өткізіле бастады.

Толықтай автоматтандырылған автобус видеокапсула камераларымен, жоғары сезімтал радармен және түрлі датчиктермен жабдықталған. Бұл құрылғылар көліктің мінсіз жүруіне көмектеседі. Сонымен бірге өзгенің өміріне қауіп төндірмеуге де оң әсер етеді. Енді аталған жоба сәтті де таңыла, келесі жылдан бастап ол Ұлыбританияда қолданысқа енеді.

Қолжетімді «iPhone»

«Apple» компаниясы ақпан айында бюджеттік «iPhone» шығаруға кіріседі. Компания жаңа телефонды наурыз айында шығаруды жоспарлап отыр. Мәліметіне, оның сыртқы келбеті экран диагоналы 4,7 дюймді «iPhone 8»-ге ұқсас болады.

Бюджеттік «iPhone» шығару арқылы «Apple» компаниясы мобильді құрылғылар нарығындағы өз үлесін кеңейтуді жоспарлап отыр. Еске салсақ, бытыр қарашада «Apple»-дің бас дизайнері Джонатан Айв компаниядан кеткен болатын. Ол компанияда 1992 жылдан бері жұмыс істеп, 1996 жылдан бастап құрылғылардың сыртқы бейнесіне жауап беріп келген.

Хабарландыру

Қызылорда облысы әкімдігі «Karatau Mining (Қаратау Майнинг)» ЖШС Қызылорда облысы Байзақ ауданы өңірінде қатты пайдалы қазбаларды (алтын, мыс және ілеспелі компоненттер) іздеу жұмыстарының жоспары мен «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» жобасына ұсыныстар мен ескертулерді жинау арқылы тіркеу жүргізеді. Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге жоба бойынша ақпарат алып, өз ой-пікірлерін білдіруге болады. Қоғамдық тыңдаудың сауалнама-мылық түрін жүргізуге жауапты Қызылорда облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының өкілі Қайнар Д., байланыс телефоны: 8 7242 605369. Тапсырмасы берушінің ескертулер мен ұсыныстарын қабылдау электрондық пошталы: karatau.mining@gmail.com. Жобаның баспа түрімен мына мекен-жайда тапсыруға болады: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, 46. Анықтамалық телефоны: 8 7242 40 05 70.

Хабарландыру

«С.Сейфуллин Жер» ЖШС 2020 жылдың 4 наурызында сағат 10.30-да «Жауапкершілігі шектелуі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңның 46-бабына сәйкес кезектен тыс жалпы жиналыс өтетіні хабарлайды. Мекен-жайы: Қызылорда облысы Сырдария ауданы, С.Сейфуллин ауылы, Бұқарбай батыр көшесі, 4, Мәдениет үйі ғимараты. Күн тәртібінде: Серіктестікке жарғылық капиталы ретінде енгізілген, өз жер үлестерімен серіктестіктен шығу, бөлінген үлескерлердің орналасқан жерін анықтау. Қатысушыларды тіркеу Қызылорда облысы Сырдария ауданы, С.Сейфуллин ауылы, Бұқарбай батыр көшесі, 4, Мәдениет үйі ғимараты. «С.Сейфуллин Жер» ЖШС әкімшілігі. (БСН 041240001292)

«Шиеді Жарығы» ЖШС әкімшілігі.

Шиеді, Жаңақорған, Сырдария, Қармақшы және Жалағаш аудандары бойынша электр энергиясын тұтынушылар назарына!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 29.01.2020 жылғы хабарламасына сәйкес «Шиеді Жарығы» ЖШС өз тұтынушыларына 05.02.2020 жылдан бастап электр энергиясы тарифтерінің өзгергендігі туралы хабарлайды. 1. Орташа босату (базалық) тарифі 1 кВт*сағатына – қосымша құн салығынсыз – 16,56 теңге, қосымша құн салығымен – 18,5472 теңге. 1.1. Жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 17,4944 теңге КҚС-мен; 1.2. Заңды тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 19,4768 теңге КҚС-мен. 2. Жеке тұлғалардың электр энергиясын тұтыну көлеміне сай (Қосымша құн салығымен): 2.1. Электр плиталарын қолданбайтын тұтынушыларға:

* 1- денгей	– 1 адамға 1 айға (70 кВт*сағ. дейін)	17,248 теңге
* 2- денгей	– 1 адамға 1 айға (71 -150 кВт*сағ. аралығы)	21 теңге
* 3- денгей	– 1 адамға 1 айға (150 кВт*сағ. жоғары)	26,2416 теңге

2.2. Электр плиталарын қолданатын тұтынушыларға:

* 1- денгей	– 1 адамға 1 айға (90 кВт*сағ дейін)	17,248 теңге
* 2- денгей	– 1 адамға 1 айға (91 -170 кВт*сағ. аралығы)	21 теңге
* 3- денгей	– 1 адамға 1 айға (170 кВт*сағ. жоғары)	26,2416 теңге

2.3. Жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген тұлғалары :

* 1- денгей	– 1 адамға 1 айға (100 кВт*сағ дейін)	17,248 теңге
* 2- денгей	– 1 адамға 1 айға (101 -150 кВт*сағ. аралығы)	21 теңге
* 3- денгей	– 1 адамға 1 айға (151 кВт*сағ. жоғары)	26,2416 теңге

3. Заңды тұлғалар және кәсіпкерлік пен басқа да шаруашылық нысандары үшін (тұтынушылар санатына қарай):

№	Тұтынушы санаты	Қосымша құн салығынсыз	Қосымша құн салығымен
1.	Бюджеттік мекемелер	21,25 теңге	23,80 теңге
2.	Басқа да заңды тұлғалар және кәсіпкерлік пен басқа да шаруашылық нысандары	15,74 теңге	17,6288 теңге

«Шиеді Жарығы» ЖШС әкімшілігі. (ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2009 жылдың 16 шілдесінде №060507 мемлекеттік лицензиясы берілген)

ЖӘДІГЕР

Сырдария аудандық музей қорында қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлы тұтынған кітап сөресі сақтаулы. Ғасырлық тарихы бар жәдігерді музей қорына 2006 жылы Ұлы Отан соғысының ардагері Ахметбек Іскендіров табыстапты. Осы кітап сөресі Сыр еліне қалай келді?



Абай тұтынған жиһаз



дегі болымдысы Тасжанды алып кетеді. Өз жұртына төркінен барғанда Абайдың дүниеден озған кезі екен.

Тұрған ағайын-туыспен көрісіп, ел жағдайына қанық болады. Сол арада төркін жұртына ұлы Тасжанның алғырлығы ұнаса керек. Сыр еліне қайтар шақта оған арнайы «сжиен сыбаға» деп, нағашысы Абайдың кітап сөресін сыйлапты. Абай тұтынған дүние осылайша Сыр бойына жетеді. Алайда, біршама уақыттан кейін Тасжан өмірден озған екен.

Төменгі жағына топсалы екі есік салынған. Шаф түрінде жасалған бұйымның жоғарғы беті – үш бөлікті ашық кітап сөресі. Биіктігі 125 сантиметр болса, ені – 45 сантиметр, ал жалпақтығы – 50 сантиметр. Алғашқы кезде қызыл-қоңыр бояумен сырланса, кейіннен ақ эмальмен сырланып, шаф түрін өзгертен. Жәдігер бастапқы күйінде сақталмаған, оның жоғарғы бөлігі кесілген. Музей қорындағы құнды дүниені жергілікті өлкетанушы Жәнібек Маханбет көп зерттепті.

Заманында Құнанбай қажы қазақтың заңғар жазушысы М.Әуезовтің атасы Әуезді еліне діни бағытта білім беру үшін шақырғаны тарихтан белгілі. Осы кісімен бірге Сыр елінен діни білімі бар бірнеше жас ерін барыпты. Солардың ішінде бүгінгі Сырдария ауданына қарасты Ақжарма елді мекенінен Дәрібай есімді жігіт болған. Арқаға барғанда сырбойлық діндар жігіт Құнанбай әулетінен Тұрған есімді қызбен тіл табысады. Алайда, қыздың әулеті жалғызбасты кірме жігітке қыздарын бермейтін болады. Сол арада Дәрібаймен мүдделес азаматтар екі жасқа жарамды екі ат тауып беріп, жасырын түрде Сыр еліне аттандырыпты.

Қос ғашық елге аман-есен жетіп, отау құрып, үйлі-жайлы болады. Олардан Құлжан, Тасжан, Қосжан, Патыма, Зейнеп, Зере, Гүлсім есімді перзент дүниеге келген. Қазақ салт бойынша тұрмысқа шыққан қыз балалы-шағалы болып, қолдары өз аузына жеткенде ғана төркінен баратын болған. Сол ұрыспен Арқанды қызы еліне баруға қамданады. Әрине, ұзақ жолға барлық ұл-қызын ертіп бара алмайды. Өзімен бірге ұлдарының ішін-

«СБ» ақпарат. (сурет музей қорынан).

ДӘСТҮР

Бесік той да бәсеке ме?

Бүгінде халқымыздың тұрмысымен біте қайнаскан, ықпалы заманнан келе жатқан дәстүрлердің кейбірі ұмыт қалса, енді бірі өзгеріске ұшырауда, яғни уақыт өте келе адамдар заманға сай лайықтап алған. Негізін жоғалтпаса да жана толықтыруларға ие болған сондай дәстүрдің бірі – бесік әкелу рәсімі.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Бесік той бала дүниеге келіп, қырқынан шыққаннан кейін жасалады. Дәстүр бойынша нағашы жұрты бесік әкеліп, үлкендер жағы баланы бесікке салып жатады. Десек те, осы тұста «бесікті неліктен нағашы жұрты әкеледі?» деген сауал көптің көкейінде тұратыны хақ. Себебі, қадым заманда қазақ баласы өз жұртының, соның ішінде өз әкесі жатқан бесікте тербетіліп өскен. Бұрын әжелеріміз бұл бесікте әже мен бауырларың тербелген деп айтатын. Бүгінде бұл дәстүрдің оңі теріс айналып, қазір балалардың дені нағашы жұрты да, йындаған бесікке бөленуде. Үлкендер жағы мұны қолдамайды. Мұны кейіннен пайда болған үрдіс дейді.

– Қыз бала – қашанда жат жұрттық. Өз үйінен ұшып өзге әулеттің келіні болып барғанда әулеттің өркендетемін, сол әулеттің ұрпағын жалғастырамын деп барады. Сондықтан бала ата-бабасының жатқан бесігінде бөленуі керек. Нағашылардың бесік әкелуі кейіннен шықты. Менің балаларымның барлығы бір бесікте тербелді, тіпті, немерелерімде әкесі, атасы жатқан бесікке бөленді, – дейді Батыр ана Базаш Шәмшатова.

Қазір бесік әкелу, бесікке салудың өзі үлкен бәсекеге айналды. Бірінен бірі қалғасы келмегендер дәстүрге түрлі өзгерістер енгізіп әлек.

– Бесікке салу тойы түрлі тойханаларда өтеді. Өзгелердің қалай қабылдайтынын қайдам, лардың дені нағашы жұрты да, йындаған бесікке бөленуде. Үлкендер жағы мұны қолдамайды. Мұны кейіннен пайда болған үрдіс дейді.

– Қыз бала – қашанда жат жұрттық. Өз үйінен ұшып өзге әулеттің келіні болып барғанда әулеттің өркендетемін, сол әулеттің ұрпағын жалғастырамын деп барады. Сондықтан бала ата-бабасының жатқан бесігінде бөленуі керек. Нағашылардың бесік әкелуі кейіннен шықты. Менің балаларымның барлығы бір бесікте тербелді, тіпті, немерелерімде әкесі, атасы жатқан бесікке бөленді, – дейді Батыр ана Базаш Шәмшатова.



Қоғамды құрайтын да, жасайтын да адам. Заманның талабы деп шілдехана, бесікке салуға ер адамдар да қатысып жатыр. Дәстүрде бесікке салу рәсіміне тек әйелдер қауымы жиналған, – дейді қарт ана.

Расымен, дәстүрді өзгертеніміз соншалық, бесіктен бөлек сәбиге арнап төрт мезгіл кінмі мен түрлі ойыншығын, еңбектегінен бастап есейгенге дейін қолданатын дүниелерін әкеледі. Әрине, барлық ана қызының барған жерінде мерейінің үстем болғанын қалайды. Бірақ ас та төк ысырапшылыққа жол берудің қажеті жоқ секілді.

Ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрге қалам тербеп жүрген жазушы Зейнеп Ахметова бесік әкелу дәстүрін былай түсіндіреді. «Бесік әкелудің өзі керемет бір сән-салтанат десек те болады. Келіннің төркіні «із-деушісі, сұраушысы бар екен» дегізіп, бір топ болып келетін болған және де жай келмей, баланың бесік жабығын түгелімен, түбек-шүмегіне дейін жасап әкелген. Бесіктің жабықтарын барынша әдемілеп жасаған. Түбегі мен шүмегінен басқа, қолтық жастық, тізе жастық дегені болады және олар ешқашан сүренсіз сұр түсті ма-

тарлардан тігілмеген. Кішкентай көрпешелері де мүмкіндігінше ашық түсті маталардан тігіледі. Бесіктің басына үкі тағады. Өйткені бала әсемдікке, әдемілікке бесікте жатқан кезден бастап үйренуі керек... Сәбилі болып жатқан қызының нәрестесіне бесік әкелу – қыз төркінінің, әсіресе, анасының парызы. Қазірдің өзінде бесік әкеліп жатқан, тіпті, болмағанда баланың арнайы төсегі (манеж), арбасы, үстелі дегендей, балаға қажет жабықты әкеліп жатқан аналар баршылық. Бұл – бір жағынан, құда-жекжат арасындағы үлкен сыйластық. «Біе құлындамаса, ат болады, ағайын-туыс алысып-беріспесе, жат болады» дегендей, бұл – екі жаққа дәнекер ғана. Өйтпесе ешкім алғаннан – бай, бергеннен келдей болмайды. Бесік әкелу құда-құдағи арасындағы көңіл сыйлау болса, екіншіден, жас босанған келіннің көңілі көтеріліп, сағынышы басылады әрі енесіне айта алмағанын анасымен бөліседі, көңілі өседі» дейді.

Қазақта сыйластықтың жөні бөлек. Дегенмен, ата-бабымыздан мұра болып қалған салт-дәстүрімізді ысырапшылықпен бәсекеге бой алдырмай дұрыс қолданғанымыз абзал.

Өнер иелері туған жерде

Сыр елінен шыққан өнер иелері Қызылордаға жиі оралып, халықты әнге бөлеп, рухани тұрғыда үлкен үлес қосып жүр. Жуырда А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде облыстық филармония ұйымдастырған «Дархан дала» атты академиялық концерт сырбойлық вокалистер арнайы жиылды. Сондай-ақ, бұл шарада «Тұрмағамбет» атындағы халық аспаптар оркестрі өнер көрсетті.

Айдана ЖУМАДИНОВА.



Қазіргі қазақ мәдениетіндегі шоктығы биік, талғамы жоғары әншілер жылыған концерттің опера классикасының жауһарларымен ашылуы заңдылық. Мұндағы дауыс та, деңгей де тым бөлек. Жиналғандар бірде қарқынға толы музыканың әсерімен шабыттана, бірде баяу да нозік дауысқа елтіп, ерекше сезімге бөленді. Концертте «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері, Венгрия ұлттық опера театрының солисі Азат Мәлік пен мемлекеттік «Астана опера» және балет театрының солисі Назым Сағынтайдың бірге орындаған әндері, дауыс үйлесімділігі көрерменнің өзіне баурап алды.

Қазақ ұлттық Өнер университетінің оқытушысы Алматы Избанбетовтің де ән әлеміндегі деңгейі бір бөлек. «Туған жерге тағзым» жобасы аясында елге деген алғашқы көңілі мен құрметін әуен арқылы жеткізген өнер иелеріне көрерменнің де ықыласы жоғары болды. Бүгінде үлкен сахналарда белгілі тұлғалармен бірге ән шы-

рқап, өзін мойындатып жүрген вокалистің бірі – Назым Сағынтай.

– Менің өнердегі жолым өзім туып-өскен Қызылордада басталды. Қазанға атындағы музыкалық колледжде Инаят Жарылқановтан білім алып, оқуымды әрі қарай Қазақ ұлттық өнер университетінде жалғастырдым. Осы сахнада оркестрмен жеке концерттің ең алғаш рет өткізгенім есімде. Биыл екінші рет келіп, сырбойлық көрермендермен қауышқанымға қуаныштымын, – деді ол.

Екі бөлімнен тұратын концертте «Тұрмағамбет» халық аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен отандық классиканың үздік туындылары орындалды. Айта кету керек, бұл сырбойлық өнерпаздардың туған жерге алғаш келуі емес. Олар қызылордалық мәдениет саласы өкілдерінің елордада өтетін концерт, ауқымды жәрмеңкелерінде, тіпті шетелге гастрольдік сапарларында өнер көрсетіп, Сыр елінің мерейін өсіріп жүр.

ЕДЕЛ-ЖЕДЕЛ

Адасып кеткендер табылды

Өткен жұмада түнгі сағат 00.45-те Қазалы полиция бөлімінің кезекші бөлімшесіне аудан тұрғыны шағым түсірді.

Ол әкесінің жетпіс 5 және 3 жастағы немересімен Абай ауылынан 45 шақырым жердегі «Жұбан» елді мекеніндегі мал шаруашылығынан «УАЗ» автокөлігімен шығып, үйге келмегені туралы хабарлады.

Нәтижесінде 2 жедел-іздетіру тобы құрылып, полиция қызметкерлері таңғы сағат 7-де Қуан ауылынан оңтүстікке қарай шамамен 250 шақырым жерде жоғалып кеткен жолаушыларды тапты. Анықталғандай, ауа райының күрт өзгеріп, нашарлауына байланысты олар жолды көрмей, бағытынан адасып, жаурап қалған.

Маугли бала

Дұрыс сөйлей алмайтын, ашыққаннан әбден әлсіреп, әрең сөйлейтін ер баланың көшеде жүргені туралы қала тұрғындары полиция қызметкерлеріне хабарлаған.

Баланың жасы шамамен 9-да. Ол ұзақ уақыт бойы қаңғып далада күнелткен. Қазір ол көмелеттік жасқа толмағандарды бейімдеу орталығына жеткізілді.

Қала маңындағы тұрғындар балаға Маугли деп ат қойыпты. Оны көргендер тамақ беріп, үйлеріне қондырып жүрген екен. Баланы қамсыз арасындағы арық ішінде ойнап отырған жерінен тапқан. Сұрастыра келе, баланың еш жақыны жоқ екені, әкесінің мамыр айында қайтыс болғаны анықталды.

Белгілі болғандай, қаңғыбас баланың анасы Людмила бірнеше жыл бұрын табыс табу үшін Корея еліне кеткен.

Оңалту бөлімшесі ашылды

Облыстық балалар ауруханасында 60 орындық оңалту бөлімшесі ашылды. Ол неврологиялық, ортопедиялық, нейрохирургиялық және кардиологиялық аурулармен ауыратын балаларды оңалтуға арналған.

Облыста жыл сайын церебральды сал ауруымен ауыратын балалар санының өсуі арнайы бөлімше ашу қажеттілігін тудыруда. Қазір 984 бала есепте тұр. Қалпына келтіру еш шаралары неврологиялық, БЦП, сондай-ақ, цереброваскулярлық аурулармен ауыратын балаларға тиесілі. Науқастар оңалту курсынан өтеді. Мамандардың алдында тұрған басты міндет – баланың зияткерлік және эмоциялық дамуы үшін қажетті жағдай-

лар жасау. Оңалту-сауықтыру іс-шаралары кешеніне массаж, ЕДШ, емдік ванналар, физиопроцедуралар, магнитотерапия, ингаляция жатады. Бұдан бөлек, емделушілер магнитотерапия, лазеротерапия, электрофорез, УВЧ, амплипульс, биопротн алады. Сонымен бірге бассейн жұмыс істейді.

«Сала көшбасшысы – 2019»

«Болашақ» университетіне мемлекеттік бюджетке елеулі үлесі мен қызметтің жоғары қаржылық нәтижелері үшін «Сала көшбасшысы» марапаты берілді.

Ұлттық бизнес-рейтинг Қазақстандағы кәсіпорындардың жұмысын алтыншы жыл талдау жұмыстарымен қатар салалық рейтинг бойынша жоғары орындағы еді кәсіпорындарды марапаттаумен айналысады. Мұндай компаниялар қаржы саласында тұрақтылық көрсеткен, адал кәсіпорын ғана емес, бұған қоса ел экономикасы мен өз салаларындағы дамудың нағыз драйвері болып табылады.

Абай залы

Қармақшы аудандық орталық кітапханасында Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Абай залының» ашылу салтанаты өтті.

Аудан әкімі Мұса Қалдарбеков, аудан әкімінің орынбасары Жарқын Омаров, мәдениет саласының ардагер кітапханашылары мен оқырмандары қатысты. Шара барысында жас оқырмандар Абай өлеңдерінен үзінді оқып, жыраулар ұлы ақын өлеңдерін сыр мақамдарына салып, терме біріншілері. Сонымен қатар, оқырмандар назарына «Алтын Орда – Ұлы дала тарихының арқауы», «Әл-Фараби және оның рухани мұрасы», «Еріктілік – риясыз жақсылық жасау» тақырыбында көрмелер ұсынылды.

Зираттан темір ұрпақтар ұсталды

Қызылорда қаласына қарасты Ж.Махамбетов ауылында зираттан темір қоршау мен металл қақпаларды ұрлаған 36 жастағы екі адам ұсталды.

Анықталғандай, олар ұрланған заттарды металл қабылдау пунктіне тапсырған. Тексеру барысында күдіктілердің облыс орталығында жасалған осы тектес тағы екі қылмысқа қатысы бар екені анықталды. Қазіргі уақытта күдіктілер уақытша ұстау абақтысына қамаққа алынды.

Шынар БЕКБАН. «Сыр бойы».

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru